

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
15.12.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 15.12.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Әбілқасымова Мәдина Ерасылқызына беріледі.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасының негізгі мақсаты – сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту. Ол үшін жаңа өнімдерді енгізу, қызметтерді одан әрі цифрландыру, тұтынушылардың және инвесторлардың құқықтарын қорғау, заңнаманы үздік халықаралық практикаға сәйкес келтіру талап етіледі.

Заң жобасында 3 кодекске және 27 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобасының бірінші блогы сақтандыру секторын одан әрі кешенді дамытуға бағытталған.

Сақтандыру секторы сақтандыру активтерінің тұрақты өсуін және жоғары қаржылық орнықтылықты көрсетіп отыр. Нарық активтері соңғы үш жылда 76 пайызға өсіп, 1,7 триллион теңгені немесе ішкі жалпы өнімнің 2,3 пайызын құрайды.

Заң жобасында жинақтаушы сақтандыруды дамыту үшін жаңа әлеуметтік маңызды өнімдерін енгізу көзделеді. Бұл Мемлекеттік білім беру жинақтаушы жүйесі шеңберінде жинақтаушы сақтандыру және бірлескен ерлі-зайыпты зейнетақы аннуитеті.

Білім беру жинақтаушы сақтандыру өнімі баланың жоғары оқу орнында оқуына ақы төлеу үшін ақшаны кепілдікпен жинақтауға мүмкіндік береді. Бұл өнім қосымша сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Екінші өнім – бірлескен (ерлі-зайыпты) зейнетақы аннуитеті. Бірлескен аннуитет ерлі-зайыптылардың немесе жақын туыстарының зейнетақы жинақтарын біріктіруге мүмкіндік береді. Егер ерлі-зайыптылардың бірінде зейнетақы жинағы жетпей, ал екіншісінде артық болса, олар зейнетақы жинақтарын бірге қосып зейнетақы аннуитетін сатып алады. Сонымен бірге төлемдерді өмір бойы алуға мүмкіндік алады.

Заң жобасының екінші бағыты – сақтандыру саласын одан әрі цифрландыру арқылы сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру.

2019 жылдан бастап көлік иелері міндетті сақтандыру шартын онлайн режимде жасай алады. Қазіргі уақытта бұл шарттардың 100 пайызы электрондық түрде жасалады.

Цифрландырудың келесі кезеңі – сақтандыру оқиғаларын онлайн-реттеуді енгізу. Кез келген адам сақтандыру ұйымдарының офисіне бармай-ақ сақтандыру оқиғасы туралы өтінім жіберуден бастап сақтандыру төлемін алуға дейінгі барлық қызметтер жиынтығын ала алады.

Заң жобасының маңызды жаңалығы – міндетті сақтандыру бойынша икемді тарифтеу тетігін енгізу. Қолданыстағы сақтандыру тарифтері заңнамалық тұрғыдан 2007 жылы белгіленді және сол кезден бері жаңартылған жоқ. Икемді тарифтеу жүйесі Қазақстан өңірлері бойынша нақты болатын апаттарды ескереді және сақтандыру тарифтерін автоматты түрде жаңартуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, заң жобасында жүктелген сақтандыруды дамыту ұсынылады. Ол халықты кәсіби кателіктерден және кәсіпкерлердің сапасыз қызметтерінен қорғау үшін қажет.

Заң жобасында агенттіктің жүктелген сақтандыру шарттарының үлгілік талаптарын бекіту өкілеттігі көзделген. Бұл талаптар негізінде салалық министрліктер жекелеген қызмет түрлерін сақтандыру бойынша үлгілік шарттар әзірлейді.

Төртіншіден, заң жобасында кепілдік берілетін сақтандыру кластарының тізбесі кеңейтіледі. Бүгінгі күні сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры бес сақтандыру түріне ғана кепілдік береді. Қор кепілдігі заң жобасында ұсынылып отырған барлық міндетті және әлеуметтік маңызды сақтандыру кластарына, оның ішінде бірлескен зейнетақы аннуитеттері мен өмірді сақтандыру өнімдеріне қатысты қолданылады.

Келесі бағыт – сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау сапасын арттыру. Ол үшін заң жобасында сақтандыру омбудсменнің клиенттердің сақтандыру ұйымымен келіспеушіліктерін сотқа дейін реттеу көзделеді. Сақтандыру омбудсменнің біліктілігіне талаптар ұлғаяды және офис қызметкерлеріне талаптар белгіленеді.

Заңнамалық бастамалардың екінші блогы Қазақстанның қор нарығын одан әрі дамытуға бағытталған.

Қор нарығын капиталдандыру жыл басынан бері 40 пайызға ұлғайып, 47,3 триллион теңгені немесе ішкі жалпы өнімнің 67 пайызын құрады.

Бүгінгі күні инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту бастамалары аса маңызды. Қор нарығында бөлшек инвесторлардың көп өсуі байқалады.

Заң жобасына сәйкес лицензиясы бар брокерлер мен дилерлер ғана нарықта, оның ішінде Форекс нарығында инвестициялық консультация беруді және делдалдық қызметтерді көрсете алады.

Қазақстандық брокерлер үшін клиенттің инвестициялық бейінін міндетті бағалау туралы талап енгізіледі. Бұл бейін оның біліміне, тәжірибесіне және қолындағы қаражатына қарай айқындалады. Нәтижесі бойынша инвесторларға бейініне сәйкес қаржы құралдарының тізбесі беріледі.

Инвесторлардың құқықтарын қорғаудағы маңызды бастама – компанияларда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру. Мажоритарлық акционер акцияларды сатып алған кезде олардың әділ құнын айқындау және акцияларды бөлу тәртібі нақтыланады. Брокерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың клиенттерінің активтеріне тыйым салу мен өндіріп алуға қорғау енгізіледі.

Заң жобасының келесі бағыты – қор нарығының инфрақұрылымын жетілдіру.

Атап айтқанда, Орталық депозитарийдің ақпараттық жүйелерін қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының дерекқорымен интеграциялау жоспарлануда. Нәтижесінде корпоративтік ақпаратты жедел ашу және эмитенттерге жүктемені азайту қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар қор нарығын одан әрі цифрландыру көзделген. Бағалы қағаздарды шығару процесінің бірыңғай цифрлық форматқа толық көшуі қамтамасыз етіледі.

Заң жобасында Қазақстан компанияларының тәуекелдерін хеджирлеудің тиімді жүйесін құруға бағытталған түзетулер маңызды орын алады. Халықаралық своптар және деривативтер қауымдастығының заңына сәйкес «бас қаржылық келісім», «қамтамасыз ету төлемі» және «тарату неттингі» деген ұғымдар енгізіледі. Бұл қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдарының халықаралық инвесторлар үшін тартымдылығын арттырады және туынды қаржы құралдары нарығының дамуына серпін береді.

Сонымен бірге заң жобасында бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды пропорционалды реттеу көзделеді.

Одан басқа, банктердің, банк холдингтерінің басшы қызметкерлерін лауазымға тағайындау рәсімі өзгереді. Бірқатар лауазымға тағайындау үшін енді қаржы нарығын реттеуші алдын ала келісім беруі керек. Басшы қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары күшейтіледі, оның ішінде үміткерлердің жалпы жұмыс стажы мен басшы лауазымдағы жұмыс стажы ұлғайтылады.

Жалпы алғанда, заң жобасы сақтандыру және қор нарықтарының серпінді өсуі арқылы экономиканы дамытуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар, сіздерге заң жобасын Парламент Мәжілісіндегі жұмыс тобында қарау кезінде сындарлы жұмыс жүргізгендеріңіз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Заң жобасын қабылдау үшін мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындары талап етілмейді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мадина Ерасылқызы! Қаралып отырған заң жобасында жаңа әлеуметтік маңызы бар сақтандыру өнімдерін енгізу ұсынылады. Азаматтарға Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне білім беру жинақтау банк салымының қолданыстағы механизмі арқылы ғана емес, сонымен бірге сақтандыру ұйымы мен сақтандыру шартын жасасу арқылы да қатысуға мүмкіндік беретін білім беру жинақтаушы сақтандыру енгізіледі.

Жаңа сақтандыру өнімі шеңберінде өмірді сақтандыру сияқты қосымша опция көзделеді. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде жасалатын білім беру жинақтаушы сақтандыру шартының банк салымынан айырмашылығы неде?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Жәмилә Нүсіпжанқызы! Білім беру жинақтаушы сақтандыру өнімі бұл жаңа әлеуметтік өнім. Банк депозитімен салыстырғанда оның екі айырмашылығы бар.

Бірінші артықшылық. Баланың оқуына қаражатты жинауға, сондай-ақ өмірді сақтандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ата-анасы мүгедек болса немесе қайтыс болса, сақтандыру ұйымы балаға оқудың толық сомасын төлейді. Ал банк тек депозитте жиналған соманы төлейді.

Екінші артықшылық. Бізде сақтандыру төлемдерін беретін қор бар, егер сақтандыру ұйымы таратылса, онда сол қор кепілдікті толық сомаға төлейді. Ал банк депозитінің кепілдігі тек 10 миллион теңгеге дейін ғана. Осындай екі айырмашылық бар.

Бұл білім беру жүйесі аясында енгізілген өнім, сондықтан банк депозиті сияқты мемлекет тарапынан жыл сайын 5-7 пайыз мөлшерінде мемлекеттік сыйақы төленетін болады. Сондықтан балаларының оқуына қаражат жинауға ата-аналарға осындай жаңа мүмкіндік туады.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Осин Шамиль Абзалетдиновичке беріледі.

ОСИН Ш.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемая Мадина Ерасыловна! Вопросы ценообразования по обязательному автострахованию регулируются статьей 19 Закона «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств». Формула расчета страховой премии установлена в этом законе.

Данным законопроектом предусматриваются поправки, связанные с переходом на гибкую тарификацию по обязательному автострахованию, в частности, на уровень подзаконных актов переводятся отдельные коэффициенты, используемые для расчета стоимости страховки, которые ранее были зафиксированы в законе.

У меня следующий вопрос.

Как в конечном итоге предлагаемый новый подход повлияет на стоимость страховки для автовладельцев?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Уважаемый Шамиль Абзалетдинович, Вы знаете, что тарифы по обязательному автострахованию были утверждены в 2007 году, с тех пор не пересматривались, формула установлена на уровне закона.

Сейчас законопроектом предлагается два коэффициента перенести на подзаконный уровень и сделать их гибкими, то есть перейти на гибкую тарификацию. Два коэффициента – это коэффициент убыточности и коэффициент бонус-малус. Сама формула и другие коэффициенты останутся на уровне самого закона.

Коэффициент убыточности – это коэффициент, по которому страховая организация рассчитывает, сколько она собирает страховых взносов и сколько выплат осуществила. То есть, таким образом определяется этот коэффициент. Мы предлагаем по гибкому механизму сделать связь между коэффициентом убыточности и реальной статистикой аварийности в регионах.

Если посмотреть статистику за последние годы (у нас сформировалась статистика), мы видим, что за последние пять лет статистика убыточности, соответственно, аварийности очень разная в регионах. В Северо-Казахстанской области она составляет 20 процентов, в городе Алматы – 58 процентов, в городе Нур-Султане – 61 процент. Соответственно, и тарифы должны быть разные.

Если посмотреть международную практику, то применяется средний уровень убыточности – 65 процентов, то есть он устанавливается для страховой организации. Соответственно, страховая организация, если в регионе меньшая аварийность, должна пересмотреть тарифы и снизить их.

При переходе на этот механизм мы ожидаем, что в большинстве регионов Казахстана тарифы по автострахованию снизятся. В Алматы и Нур-Султане, где наиболее высокая статистика аварийности, тарифы останутся примерно на том же самом уровне.

По коэффициенту бонус-малус. Это коэффициент, который отражает скидки и надбавки для водителей, которые не совершают ДТП. Есть 13 классов водителей. Если водитель находится в 13-ом классе (это самый высший класс,

у него не было ДТП), то ему предоставляются определенные скидки. Если он совершит хоть одно ДТП, то его класс сразу понижается.

Почему мы предлагаем перевести на подзаконный уровень? Потому что предлагаем сделать более равномерный переход между классами, чтобы была большая мотивация для водителей соблюдать дисциплину на дорогах. Спасибо.

ТӨРАҒА. Это очень важные нормы, которые практически разделяют все в системе оценок по деятельности водителей на дорогах.

Что касается коэффициента убыточности, здесь все понятно, Мадина Ерасыловна сейчас подробно об этом сказала, это потом действительно будет характеризовать региональную оценку. Правильно, да?

А что касается коэффициента бонус-малус, хороший или плохой, то это, получается, система скидок, система надбавок. Это вопрос, может быть больше даже не к Вам, а к Министерству внутренних дел: как мы должны ее сделать более гибкой для того, чтобы повысить культуру вождения на дорогах?

К примеру, два водителя: один допустил нарушение правил за счет превышения скорости, превысил на 40-60 километров, что уже является большим, тяжелым, грубым нарушением для участника дорожного движения, а второй, допустим, забыл днем включить габаритные огни. Действующая система бонус-малус учитывает это как один вид нарушений для обоих участников дорожного движения. Наверное, мы все-таки должны учитывать степень тяжести нарушения. Это первое.

Второе. Исходя из этого, мы могли бы понизить класс страхования для того, кто грубо нарушает, и, наоборот, сделать более нивелированное для того, кто по неосторожности, повторю, просто днем не включил габариты. Тем самым для первого водителя страховка будет стоить дороже. Так, получается, да, если мы у него понизим класс? Страховка для него будет стоить дороже, а для второго будет стоить дешевле. У людей тоже должна быть какая-то мотивировка быть более дисциплинированными на дороге.

Если такой критерий мы сможем ввести, наверное, за счет подзаконных актов, то каково Ваше мнение? Наверное, вопрос к Марату Шадетхановичу, он больше касается Министерства внутренних дел? Ваша база данных в разрезе видов нарушений допускает такую конструкцию?

ҚОЖАЕВ М.Ш. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Да, на сегодняшний день все административные нарушения, не только дорожно-транспортные, а вообще все нарушения административного законодательства в системе Единого реестра административных производств ведутся постатейно. То есть у нас есть, как Вы сейчас говорили, и легкие правонарушения, когда фары не включил и его оформили, а есть и проезд на красный свет, пересечение сплошной, выезд на встречную полосу, где более аварийная...

ТӨРАҒА. Правильно. Вы сейчас говорите о нарушениях, а мы сейчас о виде страхования говорим.

ҚОЖАЕВ М.Ш. В данном случае в этом законопроекте речь идет лишь о том, что при совершении ДТП эта система будет. Но Ваше предложение о том, чтобы в дальнейшем учитывать все его правонарушения, считаю очень продуктивным, и, наверное, это было бы правильнее.

ТӨРАҒА. Есть ли возможность единую страховую базу данных интегрировать в вашу базу данных в разрезе нарушений? Сейчас она у вас есть в разрезе нарушений.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Сейчас наши системы интегрированы только лишь в части страхования автомобилей, но при разработке соответствующего предложения уполномоченным органом мы готовы технически доработать, чтобы страховые компании видели историю правонарушений этого водителя.

ТӨРАҒА. Дания Мадиевна, с 2023 года вводится эта норма, да?

ЕСПАЕВА Д.М. Да, Нурлан Зайруллаевич, мы хотим, чтобы разработчик и Министерство внутренних дел постарались внести с 2023 года, это были поправки депутатов, чтобы бонус-малус перевести на уровень подзаконного акта и более расширить его критерии. Я думаю, что с 2023 года, если разработчики и Министерство внутренних дел доработают свою программу, это возможно.

ТӨРАҒА. Время есть до 2023 года, давайте мы до второго чтения изучим, посмотрим.

Почему я остановился на этом вопросе? Потому что в рабочих группах представители общественности, ассоциаций автолюбителей, которые этим занимаются, поднимали данный вопрос. Какая-то дифференциация должна быть в этом вопросе.

Мы готовы пойти навстречу, Мадина Ерасыловна, подзаконными актами вы это отрегулируете. Просьба, с Министерством внутренних дел интегрируйте, пожалуйста, свои возможности и до второго чтения внесите предложение.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Хорошо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Елеуов Ғалымжан Алмасбекұлына беріледі.

ЕЛЕУОВ Ғ.А. Рәкмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының өкіліне арналады.

Заң жобасының жаңалықтарының бірі бірлескен, яғни ерлі-зайыптылық зейнетақы аннуитетін өндіру болып табылады. Осылайша, зейнетақы аннуитетін жасасу кезінде ерлі-зайыптылардың немесе жақын туыстарының зейнетақы жинақтарын біріктіруге мүмкіндік беріледі.

Атап айтқанда, заң жобасында «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға толықтыру ұсынылады, оған сәйкес зейнетақы аннуитеті шартының тарапы ерлі-зайыптылар немесе жақын туыстар және бір мезгілде сақтандырылушы болып табылатын екі сақтанушы болуы мүмкін.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Жаңалықтың артықшылығы неде және неке бұзылған немесе ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған жағдайда бірлескен аннуитет бойынша зейнетақы жинақтары қалай бөлінеді?

ТӨРАҒА. Құрманов Жанат Бостанұлы.

ҚҰРМАНОВ Ж.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Жаңа Мәдина Ерасылқызы айтып кеткендей, заңға сәйкес салымшыларға екі нұсқаның біреуін таңдауға мүмкіндік беріледі. Біреуінде кесте бойынша төлемдерді алуға болады. Екіншісінде сақтандыру компаниясынан өмір бойы кесте бойынша төлемдерді алуға болады. Бұл заң жобасының жаңа нормалары екінші нұсқасын кеңейтеді.

Әрине, өмір болған соң әртүрлі жағдайлар болады, мысалы, қайтыс болу немесе ажырасу. Сондықтан заң жобасында осындай мәселелер шешіледі, өйткені шартқа қосымшада жеке төлем кестесі арқылы бұл мәселелерді шешуге болады.

ТӨРАҒА. Қалай шешуге болады? Шешуге болады деп үшінші рет айтып отырсыз. Біреуі қайтыс болған жағдайда қалай бөлінетін болады?

ҚҰРМАНОВ Ж.Б. Шарт бойынша, мысалы, күйеуі немесе әйелі осы төлемдерді кесте бойынша алуды жалғастырады. Сондықтан шарт бойынша ешқандай проблема болмайды.

ТӨРАҒА. Маған енді түсінікті, неге бір айдың ішінде халықтың алдына шығып сұрақтарына жауап бермегендеріңіз. Бір мәселеге жауап бере алмайсыз. Нақты сұраққа сол жақтан да, оң жақтан да кіретін жолды іздейсіз. Депутат нақты сұрады ғой. Ол үшін екі мәселені шешу керек, заң жобасы бойынша және сіздердің бұйрықтарыңыз бойынша. Соны білмейсіз. Қалай басқарып жүрсіз? На этих вопросах сидите. Два основных шага нужно сделать в соответствии с вашим Регламентом. Соны айта алмайсыз. Понятно теперь, почему вы на три недели рот закрыли и не могли ничего народу объяснить насчет порога. Еще ссылались на то, что вам здесь законы такие написали. Кто из депутатов на это дело... По-моему, Перуашев ответил.

Жанат Бостанович, готовиться надо, когда приходите сюда. Түсінікті ме?

ҚҰРМАНОВ Ж.Б. Түсінікті.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Панченко Игорь Ивановичке беріледі.

ПАНЧЕНКО И.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства внутренних дел.

В международной практике широко распространена процедура упрощенной страховой выплаты. При мелких дорожно-транспортных происшествиях и в случае отсутствия пострадавших при взаимном согласии автовладельцев они могут оформить протокол без вызова полиции и судебного решения, то есть получить страховую выплату в ускоренном и упрощенном видах.

Данный механизм снижает нагрузку на правоохранительные и судебные органы, а также существенно упрощает процесс получения страховых выплат для граждан.

В рассматриваемом законопроекте отсутствуют нормы по упрощенной процедуре урегулирования страхового случая при дорожно-транспортных происшествиях. Депутаты внесли соответствующие поправки в проект закона.

В связи с этим, уважаемая Мадина Ерасыловна, скажите, пожалуйста, как Вы относитесь к предложению депутатов?

И вопрос к представителю Министерства внутренних дел.

Какова позиция вашего министерства по данному вопросу? Спасибо.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Уважаемый Игорь Иванович, действительно, это были поправки, предложенные депутатами. Мы полностью поддерживаем их. Они полностью соответствуют передовой международной практике. На период внесения законопроекта такой готовности не было, поскольку эти базы не были интегрированы. Поэтому полностью поддерживаем.

Теперь для того, чтобы обеспечить их реализацию на практике, необходима будет разработка специального мобильного приложения. Мы в рамках рабочей группы рассматривали международный опыт, совместно изучали. Действительно, во всех других странах, где применяется упрощенный порядок, так называемый европротокол, используется специальное мобильное приложение. Мы обеспечим его разработку и интеграцию с единой страховой базой данных, чтобы непосредственно обеспечить реализацию этой нормы.

Как вы знаете, там есть три условия:

в ДТП не должно участвовать более двух автомобилей;

не должно быть нанесено вреда или ущерба здоровью или жизни потерпевших;

сумма ущерба не должна превышать 100 МРП.

Нурлан Зайруллаевич, совместно с депутатами все эти нормы, при которых может применяться упрощенный порядок, мы отработаем.

ТӨРАҒА. Понятно.

Мадина Ерасыловна, а когда вы технически будете готовы привести эту норму в действие?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. В законопроекте написано, что с 2024 года, но мы уже начали работу. Я думаю, что в течение одного года. Там обязательно нужно заново на платформе ЕСБД это мобильное приложение разрабатывать.

ТӨРАҒА. Ясно, спасибо.

Пожалуйста, Марат Шадетханович.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Игорь Иванович, сұрағыңызға үлкен рақмет.

Позиция Министерства внутренних дел. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич, разрешите в преддверии этих праздников сказать большое спасибо за эти поправки депутатам.

ТӨРАҒА. Спасибо.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Министерство внутренних дел полностью поддерживает данные поправки. Почему? Потому что европротокол создает удобство для граждан, в частности, сокращается время получения страховых выплат. Если раньше гражданину нужно было 60 дней для того, чтобы прийти до страховой выплаты, практически месяц уходил на судебные разбирательства, потом ждать выплаты, то теперь это будет происходить в течение пяти дней. Конечно, это удобство оформления на месте сократит время оформления на дороге. То есть заторы на дорогах сократятся, потому что заторы в основном образуются за счет ожидания приезда группы, которая это все оформит, страховой агент подъедет и так далее. Теперь все это будет намного сокращено.

Кроме того, конечно, это сэкономит средства государства по выезду на мелкие происшествия и так далее. То есть мы за такие поправки, и спасибо депутатам за них.

ТӨРАҒА. Спасибо.

То есть получается, что норма, предложенная депутатами, однозначно прогрессивная, однозначно необходимая. В случае ее принятия водители (конечно, при незначительных дорожно-транспортных происшествиях, где нет жертв) смогут воспользоваться этой упрощенной схемой страховых выплат, где сказано, что без оформления полицейского протокола, без решения административного суда... То есть на все это нужно было время. Вы абсолютно правы, до приезда представителей дорожной полиции образуется затор на этом направлении дороги. Тем более все прекрасно знают, что именно в таких случаях водители, избегая бюрократических процедур, образно говоря, просто достают из кармана деньги и платят. И тогда к вам приходят жалобы, что на местах так делают.

Поэтому это очень удобно. Я думаю, что эту практику мы должны ввести, тем более Мадина Ерасыловна сегодня сказала, что в отношении технической стороны даже раньше 2024 года они будут готовы. Это очень хорошо.

Поэтому просьба, Дания Мадиевна, уже до второго чтения мы эту норму должны будем принять. Спасибо.

Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мадина Ерасылқызы! Заң жобасы сақтандыру нарығын дамыту мақсатында әзірленді. Осы ретте сақтандыру агенттері сақтандырудың міндетті түрлері бойынша қызметті жүзеге асырмайтыны туралы түзетулер ұсынып отыр. Сонымен қатар оның азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы бойынша міндетті талап енгізу ұсынылады. Менің сұрақтарым дәл осыған байланысты.

Бірінші сұрақ. Агенттердің қызметіне тыйым салу халықты сақтандырумен қамтудың азаюына алып келмей ме?

Екінші сұрақ. Қазіргі уақытта сақтандыру агентінің азаматтық құқықтық жауапкершілігі қаншалықты жиі туындайды және сақтандыру агенті ол үшін қанша төлеу керек?

Осы мәселелерге тоқталып өтсеңіз. Рақмет.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Әлия Сүйіндікқызы, сұрақтарыңызға рақмет.

Қазіргі уақытта барлық міндетті сақтандыру шарттары онлайн-режимде тіркеледі және сол шарттардың нормалары, талаптары, тарифтері стандартты түрде тіркелген. Сақтандыру агенттерінің рөлі міндетті сақтандыру түрлерінде қажеті жоқ. Сондықтан біз осы норманы заңға енгіздік. Оған тыйым салынады.

Ерікті сақтандыру кластары бойынша сақтандыру агенттері қызмет көрсете алады. Бүгінгі күні нарықта 21 мың сақтандыру агенттері бар. Олардың үшінші тұлғалар алдында азаматтық құқықтық жауапкершілігі белгіленеді және сақтандыруға тиіс. Сақтандыру агенттерінің қызмет көрсету аясында бірқатар тәуекелдер, мысалы, шартты дұрыс толтырмау немесе дұрыс консультация бермеуден туындайды. Зиян келтірілсе, сол зиян келтірілген мөлшері сақтандырылады.

Екінші сұрақ бойынша. Сақтандыру агенттерінің әрекеттері бойынша әзірге сотқа жүгіну оқиғалары болған жоқ, көбіне азаматтар тікелей сақтандыру ұйымымен соттасады. Нәтижесінде осы норманы қабылдасақ, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агенті арасындағы жауапкершілікті бөлуге мүмкіндік туындайды.

Сақтандыру ақысының құнына келсек, ол тараптардың келісімі бойынша шартта белгіленеді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ли Юрий Виссарионовичке беріледі.

ЛИ Ю.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Мадина Ерасыловна! Катастрофический рост правонарушений от незаконной финансовой практики мошенничеств захлестнул страну и первые полосы СМИ. Депутаты в своих запросах неоднократно поднимали вопросы о необходимости ужесточения борьбы с финансовым криминалом.

Законопроектом предусматриваются меры по усилению защиты прав граждан, частных инвесторов при получении посреднических услуг на валютном рынке и рынке ценных бумаг.

В частности, предлагается обязательное наличие лицензий для брокеров и дилеров, оказывающих консультации по заключению сделок на международных валютных рынках, фондовых рынках, а также на рынке ценных бумаг Казахстана. То есть услуги консультирования при заключении сделок на данном рынке будут предоставляться исключительно брокерами и дилерами, обладающими лицензией Агентства по регулированию и развитию финансового рынка. Это позволит существенно сократить мошеннические действия.

У меня следующий вопрос.

Мадина Ерасыловна, считаете ли Вы достаточными предлагаемые меры для расширения участия населения на рынке ценных бумаг, в том числе в процессах приватизации при IPO? Ракмет.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Большое спасибо, Юрий Виссарионович.

Действительно, сейчас на фондовом рынке наблюдается повышенная активность розничных инвесторов (физических лиц), но за последние два года (за время пандемии) у нас также выросло количество финансовых мошенничеств и различных компаний (инвестиционных посредников), которые предлагают услуги по консультированию на рынке ценных бумаг.

С начала года к нам поступило более 80 жалоб. В этой связи мы в июне текущего года на сайте агентства опубликовали список компаний, на действия которых поступали жалобы, которые имеют признаки финансового мошенничества, а также не имеют лицензии агентства. Мы постоянно проводим информационно-разъяснительную работу с населением, что оно должно пользоваться услугами только компаний, которые имеют лицензию агентства.

Теперь для того, чтобы на законодательном уровне установить определенные ограничения, мы предлагаем норму, что только брокеры и дилеры, которые обладают лицензией агентства и на которых распространяются все права и обязанности, которые будут обязаны возместить ущерб в случае его нанесения физическому лицу, будут иметь право оказывать услуги инвестиционного посредника, а также оказывать услуги по покупке, приобретению и продаже ценных бумаг.

Дополнительная, наверное, важная новелла для защиты инвесторов. Мы физических лиц делим на квалифицированных и неквалифицированных инвесторов. В зависимости от их образования, опыта работы, стажа на фондовом рынке, работы с ценными бумагами, суммы, размещаемой на фондовом рынке, мы будем проводить классификацию инвесторов, устанавливая к ним требования и предлагать перечень финансовых инструментов, исходя из их риск-профиля.

Для финансовых посредников (брокеро-дилерские организации) также будет установлена ответственность за нанесение ущерба путем предоставления консультаций, которые привели к ущербу для клиента. То есть не только за саму сделку, но также и за инвестиционное консультирование будет установлена их административная ответственность. Спасибо.

ТӨРАҒА. Мадина Ерасыловна, согласен по мерам, о которых Вы сказали. Это для того, чтобы каким-то образом отрегулировать ответственность не совсем честных, порядочных людей, которые пытаются за счет мошенничества на этом рынке, что называется, похулиганить. На мой взгляд, главная защита прав частных инвесторов – это прежде всего исполнение поручение Елбасы, который он дал еще в 2012 году. Тогда Нурсултан Абишевич поставил задачу об участии наших граждан в процессе приватизации через IPO. 2012 год! Тогда были реализованы «K'cell», KEGOC и «КазТрансОйл», по-моему, и все. Потом все остановилось. Участия

населения в приватизации нет, частный инвестор просто не пришел на рынок. Так или нет?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Да.

ТӨРАҒА. Так. Поэтому не пандемия виновата.

В этом году Президент страны на заседании Высшего совета по реформам поставил задачу возобновить программу «Народное IPO» в первую очередь через реализацию кому? Физическим лицам, гражданам Казахстана. Принцип простой – чтобы каждый гражданин имел возможность получить часть национального богатства. Более того, это очень актуально на фоне роста фондового рынка. По отчетам Национального Банка, объемы за последние пять лет выросли в три раза – свыше 47 триллионов. Это сколько? Почти 70 процентов, да?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. 67 процентов.

ТӨРАҒА. 67 процентов от ВВП страны. Фондовый рынок на самом деле должен быть не просто местом перераспределения капитала, что сейчас происходит: взяли, перераспределили, там оставили, здесь положили. Он должен стать еще и одним дополнительным источником дохода населения. Это мировая практика. Сколько сегодня, Вы можете сказать, граждан являются участниками рынка ценных бумаг в Казахстане?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Да, Нурлан Зайруллаевич, сегодня 204 тысячи зарегистрировано.

ТӨРАҒА. 204 тысячи. Сколько? Нет и 1 процента. В Российской Федерации, рядом у соседей, уже более 10 процентов населения участвует. Солай емес пе?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Да, где-то 15 миллионов у них.

ТӨРАҒА. Поэтому понятно, что население еще недостаточно квалифицировано в вопросах инвестирования. Здесь тоже нам нужно поработать. Надо провести всеобуч, люди должны понимать.

Я думаю, предлагаемые нормы законопроекта просто обязывают брокеров, дилеров оказывать услуги именно по таким направлениям работы с инвестором с учетом их квалификации. Это очень важно. Поэтому мне кажется, Ваше агентство должно быть заинтересовано в этих нормах.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Да, Нурлан Зайруллаевич, «Народное IPO» – это, наверное, ключевая инициатива, чтобы увеличить предложение бумаг на фондовом рынке. В следующем году планируются три IPO. Это важно не только для розничных инвесторов, как Вы правильно сказали, а чтобы каждый гражданин мог получить возможность участвовать в национальных компаниях, фактически – в национальных богатствах страны.

ТӨРАҒА. Мы вернемся к этому вопросу. Сегодня Кусаинова Марата Апсеметовича нет, он приболел.

Коллеги, я предлагаю на один из правительственных часов пригласить и заслушать вопрос, что сегодня делается всеми финансовыми институтами, Правительством, чтобы через реализацию IPO выйти и побольше населения вовлечь в это. Вы должны быть готовы. Парламент будет слушать Вас по

этому вопросу: что будет делаться во исполнение поручения Елбасы, данного в 2012 году, и прошлогоднего поручения, которое дал Президент страны, по «Народному IPO»? Договорились?

Другой вопрос – какие государственные предприятия и предприятия квазигосударственного сектора будут предложены населению через IPO? Министерство финансов может ответить?

Пожалуйста, Жаналинов Данияр Еренгалиевич.

ЖАҢАЛІНОВ Д.Е. Нурлан Зайруллаевич, мы планируем выставить на 2022 год три компании – «КазМунайГаз», «Таукен-Самрук» и «Эйр Астана», в 2023 году у нас планируется приватизация через IPO «Казпочта», «Самрук-Энерго» и «Казахстан темир жолы». То есть это такие основные драйверы экономики в своих отраслях. Поэтому я думаю, что здесь будет большая заинтересованность среди населения. Это предусмотрено Комплексным планом приватизации на 2021 – 2025 годы. Эти шесть компаний у всех на слуху. Я думаю, будет большая заинтересованность среди населения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Данияр Еренгалиевич, надо, чтобы ваше министерство и, наверное, Мадина Ерасыловна, Ваш государственный орган, агентство, понимали, что приватизация объектов квазигосударственного сектора должна способствовать участию населения прежде всего в инвестировании, потому что это в конечном счете должно отразиться на росте их доходов. Такую задачу ставит руководство страны. В этом направлении мы должны двигаться.

Когда Вы говорите, Данияр Еренгалиевич, о приватизации субъектов квазигосударственного сектора, Вы должны сразу параллельно... Когда мы здесь предыдущего Министра финансов слушали, еще в том созыве, ставили вопрос. Вот вы планируете продажу, допустим, «Казахстан темир жолы» или подразделений, связанных с «Самрук-Казына». Какой процент населения прогнозно будет участвовать, как Вы думаете? Не знаем. А как не знаете? А здесь много нюансов: готово ли само население, каков будет механизм. Правильно, но это комплексная задача. Этим должны заниматься Правительство, Национальный Банк. Так задачу ставит руководство страны? Как, господин Жаналинов?

ЖАҢАЛІНОВ Д.Е. Нурлан Зайруллаевич, Вы правы, мы соответствующие прогнозные данные будем стараться высматривать. В первую очередь в соответствии с поручением Главы государства ставится задача – «Народное IPO» проводить через МФЦА «Астана». То есть именно возможность привлечения граждан Казахстана.

ТӨРАҒА. Данияр Еренгалиевич, через МФЦА вы будете делать или... Один вариант сейчас – через МФЦА, предыдущий вариант был о том, чтобы напрямую. У вас должен быть четкий механизм, понятный для самих. Понимаете? А потом его доходчиво довести до населения, организовать всеобщее участие населения, как выходить на фондовый рынок. Это большая работа, к которой вы должны приступить. Вы вытаскиваете предприятия, потом говорите, что нет инвестора. Да у вас никогда не появится инвестор, если готовить не будете. Тем более никогда не появятся народные инвесторы, если

мы не будем готовить население к этому. Это большая, комплексная задача. К этому не население, а прежде всего Правительство и Национальный Банк должны быть готовы. А вы сами не готовы! У вас самих в голове нет понимания, что нужно делать, какой должен быть первый шаг, какой второй, какой третий, к чему должны прийти, кого мы приведем на этот рынок. Понимаете? Солай ма? Солай. Өздерің дайын болуларың керек.

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Бұл жұмысты атқарамыз, біз тиісті кенесшілерді алдын ала жалдамақшымыз.

ТӨРАҒА. Данияр Еренғалиевич, может быть, потому что праздники, Вы никак собраться не можете? Оны былай жасаймыз. Бағана айттым ғой, Үкімет сағаты болады, соған шақырамыз, дайын болу керек, Қаржы министрлігі де дайын болу керек, Ұлттық Банк те дайын болу керек.

Пожалуйста, когда придете сюда, не повторяйте одно и то же, заученные фразы, что эти компании мы выставляем. Вы нам расскажите о механизме, как вы будете это делать пошагово, положите его, что называется, на календарь, потому что люди будут смотреть и слушать. И этот план должен в том числе включать и то, как мы будем готовить население к этому участию.

Мадина Ерасыловна, договорились?

Депутат Жамалов просит слова.

ЖАМАЛОВ А.М. Нурлан Зайруллаевич, я хотел добавить к тому, что сейчас представитель уполномоченного органа сказал. На сегодняшний день все IPO перенесены на площадку Международного финансового центра и фактически носят закрытый характер. Даже тот механизм, который существовал раньше, когда Елбасы в 2012 году объявил «Народное IPO» (он при KASE был разработан), на сегодняшний день не работает, потому что все IPO проводятся на площадке Международного финансового центра для участников Международного финансового центра. Это закрытые организации и, в принципе, закрытые торги, закрытые IPO.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Министерство финансов.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Можно мне прокомментировать?

Мы этот вопрос поднимали, рассматривали и вносили предложение на имя Президента, Президент поддержал, чтобы проводилось на двух площадках – и на KASE, и в МФЦА. В первую очередь было сделано предложение розничным инвесторам в Казахстане, а уже после этого будет предлагаться иностранным инвесторам.

ТӨРАҒА. Понятно.

Министерство финансов, есть что добавить? Жаксы.

В общем договорились. Что касается защиты розничного инвестора, весь механизм должен идти через то, о чем мы говорили. Конечно, нужно повышать квалификацию людей, но и должно быть участие населения на фондовом рынке. Это исполнение поручения руководства страны. Сейчас прозвучала уже новая аргументация, что из-за пандемии коронавируса, до этого еще что-то звучало. Мы постоянно говорим о том, что мировая конъюнктура рынка так сложилась. Да уже даже мировая конъюнктура рынка

поменялась после пандемии коронавируса. Надо заниматься исполнением поручений руководства страны предметно, пошагово, четко и с профессиональным пониманием дела, чем занимаетесь. Тогда послушаем на правительственном часе, как договорились.

Сөз депутат Дүйсенбинов Берік Сәлімжанұлына беріледі.

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Мадина Ерасылқызы! Сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың, яғни біздің азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың сапасын арттыру мақсатында заң жобасында сақтандыру омбудсменнің рөлі күшейтіледі деп жаңа баяндамаңызда айтып кеттіңіз.

Бұл қалай күшейтіледі? Яғни сақтандыру омбудсменнің тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оның мәртебесін нығайту үшін оны Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігі тағайындауы көзделген. Оның кандидатурасы, сақтандыру омбудсмені өкілдерінің кеңесімен келісілген үміткерлердің тізімінен алынады. Бірақ біз бүгін қолданыстағы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға қарайтын болсақ, сақтандыру омбудсменнің жұмысы сақтандыру ұйымдарының жарналары есебінен қаржыландырылады. Яғни омбудсменді тағайындайтын агенттік, бірақ оның жұмысын қаржыландыратын сақтандыру ұйымдары. Омбудсмен өзін тағайындаған агенттіктің аузына қарау керек пе немесе оны қаржыландырып отырған ұйымдардың айтқанымен жүру керек пе? Омбудсменнің объективтілігі, шешімдерінің бейтараптылығы, тәуелсіздігі қалай қамтамасыз етіледі? Осыны түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Берік Сәлімжанұлы! Сіз дұрыс айтасыз, қазіргі уақытта сақтандыру ұйымдары сақтандыру омбудсменін сайлайды және қаржыландырады. Осы заңда біз олардың тәуелсіздігін арттыру үшін бірқатар өзгерістерді қарастырып жатырмыз.

Біріншіден, сақтандыру ұйымдары бірнеше кандидатты ұсынған кезде агенттік олардың ішінен біліміне қарап бір кандидатты таңдап тағайындайтын болады.

Екіншіден, сақтандыру ұйымдары сақтандыру омбудсменнің шешімдерін орындамаса немесе жарнаны уақытында төлемесе, олар жауапкершілікке тартылады. Бізде бірқатар қадағалау шаралары бар, оларды қолдана аламыз. Оның ішінде қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін жұмыстан босату бойынша қадағалау шаралары бар.

Біз омбудсмен шешімдерінің орындалуына мониторинг жасаймыз, сол мониторингтің аясында бақылау жүреді. Егер омбудсмен жұмысын дұрыс орындамаса, біз оның қызметін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығымыз бар. Агенттік өз тарапынан мониторинг жасап, осы мәселені бақылауда ұстайды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Мәдина Ерасылқызы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы депутат Еспаева Дания Мәдиқызына беріледі.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі №283 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілді.

Заң жобасының негізгі мақсаты сақтандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Атап айтқанда, сақтандыру нарығы өмірді сақтандырудың жаңа элеуметтік маңызды өнімдерін енгізуді, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры кепілдік беретін сақтандыру сыныптарының тізбесін кеңейтуді, халықты кәсіпкерлердің сапасыз қызметтерінен қорғауды күшейтуді, сақтандыру омбудсменінің рөлін арттыруды, сақтандыру қызметтерін одан әрі цифрландыруды, бағалы қағаздар нарығында инвесторларды қорғау шараларын күшейтуді және кәсіби қатысушыларды реттеу мен қадағалау тәсілдерін қайта қарауды көздейді.

Жұмыс тобына 300-ден астам ұсыныс келіп түсті, олар мүдделі министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ бірқатар үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының он жеті отырысында және Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында қаралды. Заң жобасының концептуалдық ережелерін жан-жақты талқылау мақсатында заң жобасымен таныстырылым және дөңгелек үстел өткізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды мүмкін деп санайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дания Мәдиқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Смышляева Екатерина Васильевнаға беріледі.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемые коллеги! Я поддерживаю указанный законопроект и призываю вас также его поддержать.

Глава государства неоднократно отмечал важность комплексного развития финансового рынка.

Первый блок законопроекта посвящен динамично развивающейся его части – страховому рынку. Страховой рынок Казахстана активно развивается с 2004 года, однако доля активов в валовом внутреннем продукте все еще остается низкой. В 2020 году она составила всего 2,1 процента.

Активизации страхового рынка будут способствовать ряд новелл законопроекта.

Расширение линейки социально значимых страховых продуктов в части накопительного страхования жизни позволит удовлетворить растущий спрос на услуги и предложит оптимальные условия для населения.

Увеличение числа страховых продуктов, подлежащих гарантированию, а также правовое регулирование организации пулов страховщиков повысят безопасность страхования и доверие населения к страховым услугам.

Совершенствование процедуры вмененного страхования профессиональной ответственности субъектов предпринимательства направлено на защиту населения от профессиональных ошибок. Вмененное страхование наряду с обязательным и добровольным является точкой роста объемов страховых услуг. В международной практике оно является обязательным условием для получения допуска на какой-либо профессиональный рынок. Поэтому в европейских странах количество продуктов вмененного страхования доходит до 200, у нас их пока всего 18.

Реализация норм законопроекта в части дальнейшей цифровизации страховых услуг позволит перевести в дистанционный формат не только оформление страховок, но и сам процесс урегулирования страховых случаев.

Второй блок поправок направлен на развитие фондового рынка.

Во-первых, речь идет об усилении мер защиты прав инвесторов на фондовом рынке. Регулированием деятельности брокеров и дилеров Агентство по регулированию и развитию финансового рынка позволит упорядочить и повысить качество услуг инвестиционного консультирования и посредничества на рынке ценных бумаг. Внедряемая оценка инвестиционного профиля клиента и ответственность посредников за их инвестиционные рекомендации не позволят больше обманывать граждан, желающих инвестировать.

Для повышения доступности акций крупных компаний на рынке предлагается дробление размещаемых акций. Данный механизм позволит увеличить их число, одновременно снизив стоимость для розничных инвесторов.

Во-вторых, для сохранения активов участников фондового рынка вводится ряд норм, совершенствующих работу центрального депозитария. Аккумулированные на нем средства будут управляться Национальным банком и станут доступны для «потерянных инвесторов».

В-третьих, для крупных игроков финансового рынка – казахстанских компаний – создается адекватная система хеджирования рисков. Ожидается, что внедрение данной новеллы повысит привлекательность финансовых

инструментов казахстанских эмитентов для международных инвесторов и активизирует рынок производных финансовых инструментов в Казахстане.

Уважаемые коллеги! После принятия закона по вопросам страхования, страховой деятельности и рынка ценных бумаг в 2018 году произошли существенные изменения. Благодаря процессам цифровизации и автоматизации всего лишь за три неполных года мы можем говорить о том, что находимся на новом этапе развития.

Рассматриваемый законопроект направлен на создание опережающей правовой базы для развития передовых финансовых технологий, повышение доступности и инклюзивности финансовых услуг.

Учитывая содержательность и актуальность предложенных норм, прошу поддержать данный законопроект в первом чтении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Екатерина Васильевна.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Бұтақтамалармен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Маймынтаев.*